



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАРЖЫ- ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы



Төмендегі құжаттың міндеті Топтың операциялық және қаржылық қызметінің нәтижелеріне үрдістер мен елеулі өзгерістерді түсінуге және бағалауға көмектесу болып табылады. Осы шолу Топтың қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне негізделген және оны қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікпен және ілеспе ескертпелермен бірге қарастырған жөн. Барлық қаржылық деректер және олардың талқылауы Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес дайындалған қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке негізделеді. Топтың есеп саясатына сәйкес бірлескен кәсіпорындардағы және қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар үлестік қатысу әдісі арқылы ескеріледі, демек, жолма-жол топтастырылмайды («үлестік қатысу әдісімен ескерілетін кәсіпорындар»).

Теңгедегі барлық сомалар ерекше айтылған жағдайларды қоспағанда, миллиардпен көрсетілген. Цифрлар дөңгелектенген, алайда меншікті көрсеткіштер дөңгелектегенге дейінгі нақты көрсеткіштерді пайдалана отырып есептелген.

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ	4
2. НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР	4
2.1. Мұнайға және мұнай өнімдеріне нарықтық бағалардың өзгеруі	6
2.2. Шетелдік валютаның айырбас бағамының өзгеруі	7
2.3. Мұнай мен газды тасымалдауға арналған тарифтер	7
2.4. Қайта өңдеуге арналған тарифтер	9
2.5. Салық салу.....	9
3. ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ	11
3.1. Мұнай мен конденсатты өндіру.....	11
3.2. Газ өндіру	11
3.3. Мұнайды магистралдық құбырмен тасымалдау	12
3.4. Теңіз флотымен мұнайды тасымалдау	13
3.5. Газды тасымалдау	13
3.6. Көмірсутегі шикізатын өңдеу	13
3.7. Мұнай, мұнай өнімдері мен газды өткізу	14
4. ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ	17
4.1. Кірістер	17
4.2. Шығыстар	18
4.3. Бірлесіп-бақыланатын ұйымдардың және қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес	18
4.4. Табыс салығы бойынша шығыстар	19
4.5. Тоқтатылған қызметтен кіріс/(залал).....	20
4.6. Өтімділік және күрделі шығындар	2122

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ - мұнай мен газды өндіру және геологиялық барлау, сондай-ақ Қазақстанда және одан тыс жерлерде мұнай, газ және мұнай өнімдерін тасымалдау, өңдеу, маркетингі және өткізу бойынша қызметті жүзеге асыратын тігінен интеграцияланған компания.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысының негізінде құрылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Қазақойл» ЖАҚ және «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы ұлттық мұнай-газ компанияларын қосу нәтижесінде құрылды. Қосу нәтижесінде барлық кәсіпорындардағы қатысу үлесін қоса алғанда, осы компаниялардың иелерімен барлық активтер мен міндеттемелер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа берілді.

ҚМГ акционерлері «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ (90,42% - 1 акция) және Қазақстанның Ұлттық банкі (9,58% + 1 акция) болып табылады. Топ мұнай және газ конденсатын өндіру бойынша Қазақстан Республикасы нарығының төрттен бір бөлігінен артығын, сондай-ақ елдегі мұнай мен табиғи газды құбырмен тасымалдауда, мұнай өңдеуде басым позицияны алып отыр.

Есепті кезеңде өте маңызды жобалар және ірі еншілес компаниялар мыналар болып табылады:

- «Өзенмұнайгаз» АҚ (мұнай мен газды барлау және өндіру);
- «ҚазТрансОйл» АҚ (мұнай тасымалдау);
- «ҚазТрансГаз» АҚ (газ тасымалдау және өткізу);
- «ҚазМұнайТеңіз» АҚ (теңіз мұнай операциялары);
- «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (мұнай өңдеу);
- «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (мұнай өңдеу);
- KMG International N.V. (Румыниядағы және Қара теңіз бен Жерорта теңізі бассейндері елдеріндегі мұнай және мұнай өнімдері маркетингі, мұнай өңдеу);
- Ірі инвестициялық жобалар:
 - North Caspian Operating Company B.V. (қатысу үлесі – 8,44%);
 - Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В. (қатысу үлесі - 10%);
 - Теңізшевройл (қатысу үлесі - 20%).

Корпоративтік негізгі оқиғалар:

- 2019 жылғы 22 ақпанда «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (ҚМГ БӨ) артықшылықты акцияларды кері сатып алу бағдарламасын аяқтады. Осылайша, ҚМГ БӨ жалпы сомасы 15,9 млрд. теңгеге артықшылықты акциялардың 65,0%-ын сатып алды. 2019 жылдың 14 мамырынан бастап ҚМГ БӨ артықшылықты акциялары KASE-ден шығарылды;
- 2019 жылғы ақпанда Компанияның стратегиясына және Үкіметтік жоспарға сәйкес АЗС желісін ҚазМұнайГаз брендімен 60 512 млн. теңгеге сату бойынша мәміле аяқталды.
- 2019 жылғы наурызда Fitch халықаралық рейтингтік агенттігі бұл ретте «b» бастап «bb-» дейін жеке рейтингтің (stand-alone credit profile) жоғарылағанын атап көрсетіп, «BBB-/Тұрақты болжам» деңгейінде ҚМГ рейтингін растады;
- ҚМГ 2019 жылғы 29 наурызда (1) 2018 жылғы Еурооблигацияларды шығару талаптарымен ковенанты пакетті теңестіруге және (2) 2024 жылы өтеуге жататын 30,1 млн. АҚШ доллары сомасында Еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеуге 2022, 2023, 2027 және 2047 жылдары (2018 жылға дейін шығарылған еурооблигациялар) өтелуге жататын Еурооблигацияларды ұстаушылардың келісімін алды.
- Луис Мария Виана Палья Да Сильва 2019 жылғы 29 сәуірде ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор болып сайланды;
- Энтони Эспина 2019 жылғы 20 мамырда ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі болып сайланды;
- Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Түркістан қаласында әлеуметтік объектілерді салуды (7 000 орындық стадион және конгресс холл) шамамен 21 млрд. теңге жалпы сомасында қаржыландыру мақұлданды. Осымен қатар 2019 жылдың тамызында ҚМГ Түркістан қаласында 1,8 млрд. теңге сомасында 1000 орындық амфитеатрдың құрылысын қаржыландырды.

Өндірістік оқиғалар

- Каспий теңізінің Әзірбайжан секторындағы бұрғылау жобаларына қатысу үшін 2019 жылғы 16 ақпанда өзі көтерілетін жүзбелі бұрғылау қондырғысын (ӨЖБҚ) жаңғырту бойынша инвестициялық жобаны жалпы сомасы 21,6 млрд. теңгеге немесе 57 млн. АҚШ долларға іске асыруды мақұлдады. ҚМГ ҰК мен SOCAR ӨҚБҚ сенімгерлік басқару шартына қол қойды.
- 2019 жылғы сәуірде ҚМГ Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша фидерлік қатынасты ашты. Осы қатынастың теңіз операторы ҚТКФ болып табылады.
- Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, ҚМГ және «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ (ЛУКОЙЛ) арасында 2019 жылғы 1 сәуірде Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан Жеңіс учаскесінде көмірсутектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшарт жасалды. ҚМГ мен ЛУКОЙЛ-дың бірлескен бағалауына сәйкес болжамды тартылатын ресурстар (С3) 65,1 млн. тоннаны құрайды. Жобаның операторы «Жеңіс Оперейтинг» ЖШС (ҚМГ бірлескен кәсіпорны - 50% және ЛУКОЙЛ – 50%) болып табылады.
- 2019 жылғы 7 маусымда ҚМГ мен ЛУКОЙЛ аттас учаскесі Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан «I-P-2» жобасы бойынша қағидаттар туралы келісімге қол қойды. ЛУКОЙЛ-дың алдына ала бағалауына сәйкес болжамды тартылатын ресурстар (С1) 15,1 млн. тоннаны құрайды.
- 2019 жылғы 26 шілдеде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, ҚМГ және «Эни С.п.А.» (Eni) арасында Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан «Абай» учаскесінде көмірсутегі шикізатын барлауға және өндіруге арналған келісімшарт жасалды. 2013 жылғы іздеу жұмыстарының жобасына сәйкес болжамды тартылатын ресурстар (С3) 180,3 млн. тоннаны құрайды. Жобаның операторы «Исатай Оперейтинг Компани» ЖШС (ҚМГ- 50% және Eni – 50%) болып табылады.

Қаржылық оқиғалар

- Борышқа қызмет көрсету бойынша шығыстарды азайту мақсатында 2019 жылғы қаңтарда АМӨЗ (1) «Астана» халықаралық қаржы орталығы» биржасына 150 млн. АҚШ доллары сомасында орналастыру және (2) Халық банкінен 150 млн. АҚШ доллары сомасында қарыз тарту есебінен Қазақстанның Даму Банкіндегі (ҚДБ) борышты 300 млн. АҚШ доллары сомасында қайта қаржыландыруды жүзеге асырды.
- ҚМГ 2019 жылғы сәуірде Еурооблигацияларды ұстаушыларға ковенантты пакетті сәйкестендіруге келіскені үшін 62 млн. АҚШ долларын төледі, солардың ішінде 30,1 млн. АҚШ доллары 2044 жылы өтелуге жататын Еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтелуін білдіреді.
- ҚМГ 2019 жылғы шілдеде жалғыз ұстаушысы ҚДБ болып табылатын шығарылған облигациялар бойынша берешекті 53 млн. АҚШ доллары сомасында толық өтелуін жүзеге асырды.
- 2019 жылғы шілдеде АМӨЗ валюталық тәуекелді басқару мақсатында ҚДБ-дан 152 млн. АҚШ долларына барабар сомада алынған қарыз валютасын «АҚШ долларынан» «теңгеге» ауыстырды.
- ҚМГ мен ҚТГ 2019 жылғы тамызда қаржыландыру және кредиттік құжаттама талаптарын жақсарту мақсатында Бейнеу-Шымкент газ құбыры ЖШС тартылған шетелдік банктердің синдикатынан жалпы сомасы 720 млн. АҚШ доллары мөлшерінде қарызды қайта қаржыландыру шеңберінде бірлескен қаржылық кепілдікті шығаруды жүзеге асырды.

2. НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Компания қызметінің көрсеткіштеріне әсерін тигізген басты факторлар мыналар болып табылады:

- шикі мұнайға және мұнай өңдеу өнімдеріне бағалардың ауытқуы;
- валюталық бағам өзгерістерінің әсері;
- мұнай мен газ тасымалдау қызметтеріне арналған тарифтердегі өзгерістер;
- салық салу.

Төменде топтың қызметіне әсер еткен 2019 жылғы 6 ай ішіндегі макроэкономикалық көрсеткіштер келтірілген.

Атауы	Өлшем бірлігі	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Өзгеріс	
				абс	%
Кезең соңындағы инфляция (ИПЦ, өткен жылдың тиісті айына %)	%	105,4	105,9	-0,5	-0,5
Мұнайға экспорттық кеден бажы	\$/тонна	60	63	-3	-4,8
Айлық есептік көрсеткіш (АЕК)	теңге	2 525	2 405	120	4,9
Ең төменгі жалақы мөлшері (ТЖМ)	теңге	42 500	28 285	14 215	150

2.1. Мұнайға және мұнай өнімдеріне нарықтық бағалардың өзгеруі

Шикі мұнайға және мұнай өнімдеріне арналған бағалар халықаралық және қазақстандық нарықта Компания қызметінің нәтижелеріне елеулі ықпалын көрсетуде.

Мұнайға әлемдік бағалардың өзгерісі (АҚШ доллары/барр.)	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, %
Brent мұнайы	66,01	70,50	-4,5
Urals мұнайы	66,12	68,82	-2,7

Дереккөзі: Thomson Reuters

Жалпы алғанда, шикізатқа бағаларды өзгерту әлемде болып жатқан бірқатар факторларда, оның ішінде ОПЕК мүше елдердің қабылдаған шешімдерінде, Венесуэладағы, Ирандағы жағдайда, АҚШ пен Қытайдың нарықтық өзара қатынастарында, АҚШ пен ЕО-ның Ресейге қарсы санкцияларында айтылды.

Халықаралық және қазақстандық нарықта мұнай өнімдеріне арналған бағалардың серпіні бірқатар факторлармен айқындалып отыр, олардың арасында ең маңыздылары шикі мұнайға арналған бағалар, мұнай өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы, бәсекелік, түпкілікті немесе аралық өнімдерге мұнайды өңдейтін кәсіпорындардың өткізу нарықтарынан қашықтығы, мұнай өнімдерін жеткізудегі маусымдық тапшылығы/артылуы болып табылады.

Мұнай өнімдеріне арналған орташа әлемдік бағалар	Өлшем бірлігі	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, %
Мазут	АҚШ долл./тонна	385	378	2
Нафта	АҚШ долл./тонна	508	601	-15
Авиакеросин	АҚШ долл./тонна	587	643	-7

ҚР-дағы мұнай өнімдеріне орташа көтерме бағалар	Өлшем бірлігі	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, %
АИ-95 маркалы бензин	теңге/т	164 370	179 556	-8,5
АИ-92 маркалы бензин	теңге/т	154 704	170 486	-9
Дизельдік отын (жазғы)	теңге/т	194 481	162 882	18,7
Авиакеросин	теңге/т	221 648	207 667	10,9

Дереккөзі: ҚР МӨЗ-де өндірілген мұнай өнімдері бойынша Каспийдің Argus нарығы

2019 жылғы 1-жартыжылдықтың қорытындылары бойынша ҚР ішкі нарығында дизельдік отынға және авиакеросинге орташа нарықтық көтерме бағалардың 10%-дан артық ұлғаюы 2018 жылдың тиісті кезеңінің бағалар деңгейінен асып кетті.

2019 жылғы 1-жартыжылдықтың қорытындылары бойынша ҚР ішкі нарығында жоғары октанды бензинге орташа нарықтық көтерме бағалардың төмендеуі 2018 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда, шамамен -8,5% құрады. Көтерме бағалардың нашар қарқыны 2018 жылдың аяғындағы және 2019 жылдың басындағы ҚР ішкі нарығында қалыптасқан автобензин профицитіне әсерін тигізді.

2.2. Шетелдік валютаның айырбас бағамының өзгеруі

АҚШ долларына қатынасы бойынша теңге бағамының өзгеруі елеулі әсерін тигізді, ең алдымен, Компания қызметінің шоғырландырылған нәтижелеріне әсер етуін жалғастырды, өйткені шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан Компания кірістерінің елеулі үлесі АҚШ долларында көрсетілген, әйтсе де Компания шығыстарының біраз бөлігі теңгемен берілді. Сондай-ақ Компанияның қарыз алу және кредиторлық берешегінің басым бөлігі АҚШ долларымен ірілендірілген.

	Кезең ішіндегі орташа бағам	Кезеңнің аяғында
6 айдағы, 2019 жылғы 30 маусымға (1,00 доллар үшін қазақстандық теңге)	379,3	380,5
6 айдағы, 2018 жылғы 30 маусымға (1,00 доллар үшін қазақстандық теңге)	326,5	341,1

Дереккөзі: Қазақстан қор биржасында белгіленген валюталардың бағамдары

2.3. Мұнай мен газды тасымалдауға арналған тарифтер

Магистралдық құбырмен мұнайды тасымалдау

Қазақстандағы мұнай өндіретін өңірлердің басым бөлігі мұнай және мұнай өнімдерін өткізудің негізгі нарықтарынан қашықтықта орналасқандықтан, мұнай компаниялары көлік инфрақұрылымының дамушылық дәрежесіне, сондай-ақ оған қолжетімділік мүмкіндігіне тәуелді.

Топ «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес компаниясына тиесілі Қазақстандағы магистралдық құбырлар жүйесі арқылы экспортқа және ішкі нарыққа сататын шикі мұнайдың біраз бөлігін тасымалдайды. Сондай-ақ Топ Каспий Құбыр консорциумы мұнай құбырындағы 20,75% мөлшеріндегі акционерлік капиталға ие.

магистралдық мұнай құбырлары арқылы шикі мұнайды тасымалдау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 266 бұйрығымен бекітілген шарттың үлгі нысанына сәйкес олардың тұтынушылармен жасаған мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерін көрсетуге арналған шарттарға сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобымен жүргізіледі. Көрсетілген шарттарда мұнай тасымалдау кезіндегі тараптардың құқықтары мен міндеттері бекітілген. «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялары тобының магистралдық мұнай құбырлары бойынша Топтың мұнайын ішкі нарыққа және экспортқа тасымалдау басқа өндірушілердің мұнайы бар қоспаларымен жүзеге асырылады.

2015 жылғы мамырда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер қабылдануымен табиғи монополиялар саласынан Қазақстан Республикасының аумағы және Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі экспорт арқылы транзит мақсатында мұнайды тасымалдау бойынша қызметтер алынып тасталды. 2018 жылғы ақпанда «ҚазТрансОйл» АҚ магистралдық құбырлар арқылы мұнай айдау бойынша қызметтерге мынадай тарифтерді бекітті (№ 46 бұйрық, №47 бұйрық):

- Қазақстан Республикасы шегінен тыс жарлерге экспорттау мақсатында – 2018 жылғы 1-тоқсан ішінде 1000 км-ге 1 тоннасы үшін – 5 817,2 теңге (ҚҚС-сыз) тариф кезінде 2018 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілуімен 1000 км-ге 1 тоннасы үшін 6 398,92 теңге (ҚҚС-сыз);
- Түймазы-Омбы-Новосібір-2 магистралдық құбырдың қазақстандық учаскесі бойынша Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзит шеңберінде – 2018 жылғы 1 сәуірден қолданысқа енгізілуімен 1000 км-ге (ҚҚС-сыз) 1 тоннасы үшін 4 292,4 теңге, 2018 жылғы 1-тоқсан ішіндегі тариф кезінде – 1000 км-ге (ҚҚС-сыз) 1 тоннасы үшін 1 727,1 теңге.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрі 2018 жылғы желтоқсанда (№ 545 бұйрық) 1 тоннасы үшін 15 АҚШ доллары (ҚҚС-сыз) мөлшерінде Ресей Федерациясының шекарасы- Қазақстан Республикасының шекарасы (Ертіс) – Атасу (Қазақстан Республикасы) - Алашанькоу (Қытай Халық Республикасы) бағыты бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына жылына 10 млн. тонна көлемінде ресейлік мұнайды тасымалдаудың 2019-2023 жылдарға арналған құнын бекітті.

- «Атасу» БМАС-қа мұнайды ауыстырып тиеуді қоса алғанда, Ресей Федерациясының шекарасы - Қазақстан Республикасының шекарасы (Ертіс) - Атасу (Қазақстан Республикасы) учаскесінде - 2018 жылғы 1-жартыжылдық ішіндегі – 1 тоннасы үшін 3,11 АҚШ доллары (ҚҚС-сыз) тарифі кезінде 1 тоннасы үшін (ҚҚС-сыз) 4,23 АҚШ доллары;
- Атасу (Қазақстан Республикасы)-Алашанькоу (Қытай Халық Республикасы) учаскесінде – 2018 жылғы 1-жартыжылдық ішінде – 1 тоннасы үшін 8,25 АҚШ доллары (ҚҚС-сыз) тарифі кезінде 1 тоннасы үшін 10,77 АҚШ доллары (ҚҚС-сыз).

2015-2019 жылдарға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбырларының жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау бойынша реттелетін қызметке арналған тарифтердің шекті деңгейлері

мынадай мөлшерде 2015 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілуімен Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінде (2015 жылғы 21 тамыздағы № 347-НҚ бұйрығы) бекітілді:

- 2015 жылы – 1000 км бір тоннасы үшін 3 225,04 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2016 жылы – 1000 км бір тоннасы үшін 3 547,46 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2017 жылы – 1000 км бір тоннасы үшін 3 902,13 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2018 жылы – 1000 км бір тоннасы үшін 4 292,40 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2019 жылы – 1000 км бір тоннасы үшін 4 721,72 теңге (ҚҚС-сыз);

Газды тасымалдау

магистралдық газ құбырлары және газ тарату жүйелері арқылы газ тасымалдау «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялары тобымен жүзеге асырылады. Газды магистралдық тасымалдау «Интергаз Орталық Азия» АҚ, сондай-ақ «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС бірлескен кәсіпорындарымен жүзеге асырылады. Тарату газ жолы арқылы газ тасымалдау «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жүзеге асырылады.

Халықаралық транзит пен экспорт бойынша газ тасымалдауға арналған тарифтер

«Табиғи монополиялар туралы» Заңға 2015 жылғы мамырда енгізілген өзгерістерге сәйкес транзитке және экспортқа газды тасымалдау бойынша қызметтер мемлекеттік реттеуден алынып тасталды. Газ транзиті мен экспортына арналған тарифтер Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің бекітуінсіз, шартты негізде белгіленеді. Газды транзит пен экспортқа тасымалдауға арналған қолданыстағы тарифтер 2019 жылдың 1-жартыжылдығында мыналарды құрады:

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ:
 - газ транзиті «Газпром» ЖАҚ және оның еншілес ұйымдары үшін ҚҚС-сыз 100 км-ге мың м³-қа 1 АҚШ доллары; «Өзтрансгаз» АҚ үшін ҚҚС-сыз 100 км-ге мың м³-қа 2,9 АҚШ доллары;
 - газ экспорты «Теңізшевройл» ЖШС, «ҚазТрансГаз» АҚ үшін ҚҚС-сыз 100 км-ге мың м³-қа 5 АҚШ доллары;
 - газ экспорты «ҚазРесГаз» ЖШС үшін ҚҚС-сыз 100 км-ге мың м³-қа 2 АҚШ доллары;
- «Азия газ құбыры» ЖШС – газ транзиті мен экспорты ҚҚС-сыз 100 км-ге мың м³-қа 3,58 АҚШ доллары;
- «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС – ішкі нарықта, газ транзиті мен экспортында газ тасымалдауға арналған бірыңғай тариф ҚҚС-сыз 18 071 теңге/мың м³.

Ішкі нарықта магистралдық және тарату газ жолдары арқылы газ тасымалдауға арналған тарифтер

Ішкі нарықта газ тасымалдауға арналған тарифтер заңнамада белгіленген тәртіппен Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетімен реттелуде.

Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін магистралдық құбырлар бойынша тауарлы газды тасымалдауға арналған тарифтер мынадай мөлшерде бекітілген:

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2 212,7 теңге/мың м³ (ҚҚС-сыз);
- «Азия газ құбыры» ЖШС 2016 жылғы 1 наурыздан бастап – 3 494,4 теңге/мың м³ (ҚҚС-сыз);
- «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС 2016 жылғы 1 наурыздан бастап – 18 071 теңге/мың м³ (ҚҚС-сыз); 2019 жылғы 1 мамырдан бастап – 16 574 теңге/мың м³ (ҚҚС-сыз).

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін «ҚазТрансГаз Аймақ» АӨ тарату құбырлары арқылы тауарлы газды тасымалдауға арналған тарифтер мынадай мөлшерде бекітілді:

№	Облыс	Тасымалдауға арналған тариф, ҚҚС-сыз теңге/мың м ³
1.	Оңтүстік Қазақстан облысы	7 036,87
2.	Жамбыл облысы	6 443,38
3.	Қызылорда облысы	9 083,51
4.	Қостанай облысы	4 922,51
5.	Батыс Қазақстан облысы	2 615,37
6.	Атырау облысы	1 721,26
7.	Ақтөбе облысы	4 890,81
8.	Маңғыстау облысы	2 392,59
9.	Шығыс Қазақстан облысы	1 550,00
10.	Алматы қ. және Алматы облысы	4 145,25

2.4. Қайта өңдеуге арналған тарифтер

2016 жылдан бастап үш негізгі қазақстандық МӨЗ (АМӨЗ, ПМХЗ, ПҚОП) өңдеудің жаңа бизнес моделі бойынша өз қызметін жүзеге асыра бастады, осыған сәйкес МӨЗ белгіленген тарифтер бойынша мұнай өңдеу қызметтерін ғана көрсетеді, қайта өңдеу үшін мұнай сатып алмайды және алынған мұнай өнімдерін сатпайды. Бұл міндеттемелер дайын мұнай өнімдерін дербес өткізетін мұнай өнім берушілерінің жауапкершілігінде жатыр. ҚМГ тобына тігінен-интеграцияланған құрылым және оны өңдеудің жаңа бизнес моделінің арқасында әр бизнес-бағытты қорытындылай келе, ҚМГ компанияларының барлық тобының операциялық тиімділігін ұлғайта отырып, өзінің нақты мамандануына ден қоюына мүмкіндік береді. Өз активтерін стратегиялық басқарушыдан операциялық басқарушыға өтуімен ҚМГ трансформациясы шеңберінде өңдеу бизнес-моделі мұнай өңдейтін зауыттарға тек өндірістік мәселелерге көңіл бөлуге ғана көмектеседі, соның нәтижесінде өңдеу бойынша қызмет оңтайландырылады және шығындар қысқартылады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ҚР кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 29.10.15 ж. № 376-V Заңына сәйкес 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қайта өңдеуге арналған бағалар мемлекеттік реттеуден алынып тасталады.

2019 жылғы 6 ай ішінде және өткен кезеңнің ұқсас кезеңі ішінде қолданылатын орташа өлшенген тарифтер төменде келтірілген:

Зауыттардың атауы	Өлшем бірлігі	2019 жылғы 6 ай	2018 жылғы 6 ай	Δ, %
АМӨЗ	теңге/тонна	37 436	31 473	19%
ПМХЗ	теңге/тонна	19 805	17 250	15%
ПҚОП	теңге/тонна	22 500	16 302	38%
CASPI BITUM	теңге/тонна	20 023	18 004	11%

2.5. Салық салу

Төменде келтірілген кестеде тиісті кезеңдерде Топ қолданылатын салықтардың белгіленген мөлшерлемелері берілген:

Салық	30.06.2019	30.06.2018	Салық салынатын база
Корпоративтік табыс салығы (КТС)	20%	20%	Салық салынатын кіріс
Қосылған құн салығы (ҚҚС)	12%	12%	Тауарлар, жұмыстар, қызметтерді өткізу
Мүлік салығы	1,50%	1,50%	бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалатын салық салу объектілерінің орташа жылдық теңгерімдік құны
Жер салығы	айнымалы шама, жер учаскесін тағайындау және сапасына байланысты мөлшерлеме	айнымалы шама, жер учаскесін тағайындау және сапасына байланысты мөлшерлеме	жер учаскесінің алаңы
Қоршаған ортадағы эмиссия үшін төлем	айнымалы шама, эмиссия түріне байланысты мөлшерлеме	айнымалы шама, эмиссия түріне байланысты мөлшерлеме	қоршаған ортаға эмиссияның белгіленген нормативтерінің шегінде және (немесе) одан тыс эмиссиялардың іс жүзіндегі көлемі
Экспортқа рентті салық	0%-32% Мұнайға әлемдік бағаға байланыстырылған шкала бойынша	0%-32%	шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері экспортының көлемі
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС)	0%-18%	0%-18%	өндірілген шикі мұнай, газ конденсаты және табиғи газ көлемінің құны
Үстеме пайдаға салық (ҮПС)	мөлшерлеменің жылжымалы шкаласы бойынша 0%-60%	мөлшерлеменің жылжымалы шкаласы бойынша 0%-60%	Жиынтық жылдық кіріс пен шегерімдер арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын жер қойнауын пайдаланушының таза кірісінің бір бөлігі (тіркелген активтер бөлігінде - нақты КВЛ мөлшерінде) және осы шегерімдер сомасының 25%-на тең сомадан асатын КТС. ҮПС жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша есептеледі.
Шикі мұнайға және газ конденсатына акциз	0 теңге/тонна	0 теңге/тонна	өндірілген, өткізілген шикі мұнай мен газ конденсатының көлемі

1-тоннаға (теңгемен) акциздердің мөлшерлемесі және баждар					
	30.06.2019		30.06.2018		Салық салынатын база
	Бензин (авиациялықты қоспағанда) (ЕАЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 19310 0-2710 12 411 0-2710 12590 0)	Дизельдік отын (ЕАЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 19310 0-2710 19 480 0)	Бензин (авиациялықты қоспағанда) (ЕАЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 19310 0-2710 12 411 0-2710 12590 0)	Дизельдік отын (ЕАЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 19310 0-2710 19 480 0)	
Мұнай өнімдеріне арналған акциз					өндірілген, өткізілген және импортталған мұнай өнімдерінің көлемі
Меншікті өндірістің бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизельдік отынды өндірушілердің көтерме саудада өткізуі (қараша – мамыр)	10 500	540	10 500	540	
Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизельдік отынды көтерме саудада өткізуі	0	0	0	0	
Бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизельдік отын өндірушілерінің бөлшек саудада өткізуі, меншікті өндірістік қажеттіліктерге пайдалануы (қараша – мамыр)	11 000	600	11 000	600	
Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизельдік отынды бөлшек саудада өткізуі, меншікті өндірістік қажеттіліктерге пайдалануы	500	60	500	60	
Импорт	4 500	540	4 500	540	
Өңделме шикізатты қайта өңдеудің өнімі болып табылатын Салық кодексі 462-бабының 5) тармақшасында көрсетілген акцизделетін тауарларды беру (желтоқсан – маусым)	10 500	540	10 500	540	
Шикі мұнайға экспорттық баж	Мұнайдың әлемдік бағасына байланыстырылған шкала бойынша		Мұнайдың әлемдік бағасына байланыстырылған шкала бойынша		экспорттық көлем

Пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салықтардың, экспортқа рентті салықтың және мұнайға және мұнай өнімдеріне экспорттық баждардың мөлшерлемелері мұнайдың әлемдік бағасына байланыстырылған және тиісінше өзгеріп тұрады. Қазақстан Республикасының ішкі нарығында шикі мұнай мен газ конденсатын өткізу және (немесе) берген жағдайда, оның ішінде пайдалы қазбаларды өндіру арналған салықты, экспортқа рентті салықты, роялти және мемлекеттің атынан алушыға өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін немесе белгіленген мөлшерлемелерге өзінің өндірістік қажеттіліктерін пайдаланудан түскен үлесті төлеу шотына заттай нысанда 0,5 төмендетуші коэффициент қолданылады.

Шикі газға пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық мөлшерлемесі 10 пайызды құрайды. Ішкі нарыққа табиғи газды өткізген кезде пайдалы қазбаларды өндіру салығы жылдық өндіру көлеміне байланысты мөлшерлемелер (мөлшерлеме 0,5%-дан 1,5%-ға дейін) бойынша төленеді.

2016 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі шикі мұнайға экспорттық кеден баждарының үдемелі шкаласын енгізді. Жаңа режимге сәйкес экспорттық кеден баждары Brent пен Urals маркалы мұнайға шикі мұнайдың әлемдік нарықтарында қалыптасқан шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы бойынша есептеледі. Мұнай шкаласы бойынша әлемдік баға бір баррель үшін 25 доллардан төмен болған кезде ЭКБ мөлшерлемесі 0 теңестіріледі, мұнайға әлемдік баға бір баррель үшін 25 доллардан жоғары болған кезде ЭКБ мөлшерлемесі шкалаға сәйкес анықталады. Экспортқа рентті салық бір баррелі үшін 40 доллардан асатын мұнайға әлемдік баға кезіндегі мөлшерлеме шкаласы арқылы есептеледі.

3. ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Операциялық нәтижелер	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Бірлескен кәсіпорындардағы үлесті ескере отырып мұнай мен конденсатты өндіру (мың тонна)	11 704	11 769	-65	-1
Бірлескен кәсіпорындардағы үлесті ескере отырып газ өндіру (млн.м ³)	4 160	4 123	38	1
Меншікті МӨЗ және бірлескен кәсіпорындардың МӨЗ мұнайды қайта өңдеу (мың тонна)	9 998	9 829	169	2
Мұнайды магистралдық құбырлармен тасымалдау (мың тонна)	33 460	33 662	-202	-1
Мұнайдың жүк айналымы (млн. тонна* км)	31 217	31 157	60	0
Теңіз флотымен мұнай тасымалдау (мың тонна)	5 489	3 446	2 044	59
Газды магистралдық газ құбырларымен тасымалдау (млн.м ³)	50 078	54 877	-4 799	-9
Газ тасымалдау бойынша тауар-көлік жұмыстарының көлемі (млрд.м ³ *км)	27 705	28 283	-578	-2

3.1. Мұнай мен конденсатты өндіру

Мұнай мен конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
	11 704	11 769	-65	-0,5
"Өзенмұнайгаз" АҚ (100%) + "ҚазГӨЗ" ЖШС (100%)	2 751	2 728	23	0,8
"Ембімұнайгаз" АҚ (100%)	1 430	1 399	30	2,2
"Қазақтүрікмұнай" ЖШС (100%)	201	187	14	7,7
"ҚазТрансГаз" АҚ ("Аманкелді Газ" -100%)	9	11	-2	-15,6
"Қазгермұнай" БК" ЖШС (50%)	593	665	-72	-10,9
"Маңғыстаумұнайгаз" ЖШС (50%)	1 579	1 580	-1	-0,1
"Қаражанбасмұнай" АҚ (50%)	537	536	1	0,1
"Қазақойл-Ақтөбе" ЖШС (50%)	162	141	21	14,7
Petrokazakhstan, Inc (33%)	445	498	-53	-10,7
"Теңізшевройл" ЖШС (20%)	2 992	2 948	44	1,5
Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в. (10%)	535	565	-31	-5,4
"ҚМГ Қашаған Б.В." ЖШЖК (50%)	472	511	-39	-7,6

Есепті кезеңде мұнай мен конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі 11 704 мың тоннаны құрады, ол өткен жылғы ұқсас кезеңнің көлемінен 65 мың тоннаға аз.

Мұнай мен конденсатты өндіру көлемдерінің өсуінің негізгі себептері:

- Petrokazakhstan, Inc және «Қазгермұнай» БК» ЖШС кен орындарында мұнай өндіру деңгейінің табиғи түсуі;
- Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в. газ факторының және ұңғымалардың суланғандығының ұлғаюы;
- "ҚМГ Қашаған Б.В." ЖШЖК-де 2019 ж. 14 сәуірден бастап 19 мамыр аралығында өндірісті толық тоқтата отырып, жерүсті және теңіз кешендерінде жоспарлы күрделі жөндеу жүргізу.

3.2. Газ өндіру

Газ өндірудің (ілеспе және табиғи) шоғырландырылған көлемі, млн.м ³	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
	4 160	4 123	37	0,9
"Өзенмұнайгаз" АҚ (100%) + "ҚазГӨЗ" ЖШС (100%)	294	307	-13	-4,2
"Ембімұнайгаз" АҚ (100%)	130	105	25	23,9
"Қазақтүрікмұнай" ЖШС (100%)	70	73	-2	-3,3
"ҚазТрансГаз" АҚ ("Аманкелді Газ" -100%)	182	204	-22	-10,9
"Қазгермұнай" БК" ЖШС (50%)	120	131	-12	-8,8
"Маңғыстаумұнайгаз" ЖШС (50%)	196	197	-1	-0,5

Газ өндірудің (ілеспе және табиғи) шоғырландырылған көлемі, млн.м ³	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
	4 160	4 123	37	0,9
"Қаражанбасмұнай" АҚ (50%)	13	11	3	23,6
"Қазақойл-Ақтөбе" ЖШС (50%)	171	109	62	56,9
Petrokazakhstan, Inc (33%)	87	96	-9	-8,9
"Теңізшевройл" ЖШС (20%)	1 636	1 615	21	1,3
Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в. (10%)	982	978	5	0,5
"ҚМГ Қашаған Б.В." ЖШЖК (50%)	278	297	-19	-6,3

Есепті кезеңде мұнай мен конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі 4 160 мың тоннаны құрады, ол өткен жылғы ұқсас кезеңнің көлемінен 37 мың тоннаға артық.

Мұнай мен конденсатты өндіру көлемдерінің өсуінің негізгі себептері:

- ЕМГ бойынша мұнай өндіруді ұлғайту;
- 40-газды кешенді дайындау қондырғысын енгізу - КОА-да;
- зауыттардың орташа тәуліктік өнімділігін арттыру есебінен мұнай өндіру көлемдерін ұлғайту (2019 жылғы 1-жартыжылдықта нақты - тәулігіне 82 658 тонна, 2018 жылғы 1-жартыжылдықта нақты – тәулігіне 81 412 тонна).

Бұл ретте Айрақты кен орны бойынша жобалық көрсеткіштерді растамау себебімен «ҚазТрансГаз» АҚ («Аманкелді Газ») газ өндірудің азаюы болды.

3.3. Мұнайды магистралдық құбырмен тасымалдау

Құбырлар арқылы қазақстандық мұнайдың негізгі қолданыстағы экспорттық бағдарлары мыналар болып табылады:

- Атырау-Самара құбыры («ҚазТрансОйл» АҚ - 100%);
- Атасу-Алашанькоу құбыры («ҚазТрансОйл» АҚ - 50%);
- Каспий құбыр консорциумы құбыры («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ - 20,75%).

«ҚазТрансОйл» АҚ экспортқа, ішкі нарыққа арналған мұнайды тасымалдау бойынша қызметтерді көрсетеді, сондай-ақ мұнай транзитін жүзеге асырады.

	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Компаниялар бөлінісінде магистралдық құбыр арқылы мұнайды тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	33 460	33 662	-202	-0,6
"ҚазТрансОйл" АҚ	22 198	22 427	-229	-1,0
"МұнайТас" солтүстік-батыс құбыр компаниясы" ЖШС (51%)	889	1 079	-190	-17,6
"Қазақстан-Қытай құбыры" ЖШС (50%)	4 044	3 864	180	4,6
"Каспий Құбыр консорциумы" АҚ (20.75%)	6 329	6 292	37	0,6
Мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы (млн.тн.*км)	31 219	31 157	62	0,2
"ҚазТрансОйл" АҚ	18 871	18 817	54	0,3
"МұнайТас" солтүстік-батыс құбыр компаниясы" ЖШС (51%)	366	430	-65	-15,1
"Қазақстан-Қытай құбыры" ЖШС (50%)	3 661	3 597	64	1,8
"Каспий Құбыр консорциумы" АҚ (20.75%)	8 320	8 313	7	0,1

Есепті кезеңде магистралдық құбырлар арқылы мұнай мен конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі 33 460 мың тоннаны құрады, ол өткен жылғы ұқсас кезеңнің көлемінен 202 мың тоннаға аз.

«ҚазТрансОйл» АҚ құбырлары арқылы мұнай тасымалдау көлемдерінің азаюы Құмкөл өңірінде өндірудің төмендеуімен байланысты. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің кестелеріне сәйкес Кенқияқ-Құмкөл мұнай құбырында ("Қазақстан-Қытай құбыры ЖШС) Кенқияқ-Атырау мұнай құбырынан («МұнайТас» СБҚК) ЖШС) көлемдерді қайта бөлу болды.

3.4. Теңіз флотымен мұнайды тасымалдау

Мұнайды теңіз көлігімен тасымалдаудың негізгі қолданыстағы бағыттары:

- Каспий теңізінің акваториясындағы бағдарлар;
- Қара және Жерорта теңіздеріндегі бағдарлар.

Консолидированный объем транспортировки нефти морским флотом в разрезе направлений (тыс. тонн)	За 6 месяцев, закончившихся	За 6 месяцев, закончившихся	Δ, (+/-)	Δ, %
	30.06.2019	30.06.2018		
	5 489	3 446	2 043	59,3
Ақтау-Махачкала	286	948	-662	-69,8
Черное море	1 678	646	1 032	159,7
Средиземное море	3 487	1 009	2 478	245,5
Махачкала-Баку	0	842	-842	-100,0
Түркменбаши-Баку/Махачкала	38	0	38	-

Есепті кезеңде теңіз флотымен мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі 5 489 мың тоннаны құрады, ол өткен жылғы ұқсас кезеңнің көлемінен 2 043 мың тоннаға артық.

Ұлғаюдың негізгі себебі - бұл есепті кезеңде тасымалдаудың қосымша көлемдерін тарту және Қара және Жерорта теңіздеріне рейстер санын арттыру. Бұл ретте өткен жылғы ұқсас кезеңде жүк жөнелтушілерден қосымша көлемдердің болуы себепті Ақтау-Махачкала бағытында көлемдердің азаюы болды. Сондай-ақ бербоут-чартерде бес каспийлік танкерді беру себебі бойынша 2018 жылғы тамыздан бастап Махачкала-Баку бағытында мұнай тасымалдау тоқтатылды.

3.5. Газды тасымалдау

Газ тасымалдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады: газдың халықаралық транзиті, экспортқа газ тасымалдау және ішкі тұтынушылар үшін газ тасымалдау.

Газ тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн. м ³)	30.06.2019	30.06.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 6 ай ішіндегі	аяқталған 6 ай ішіндегі		
	50 078	54 877	-4 799	-8,7
Халықаралық транзит	27 946	32 349	-4 404	-13,6
Экспортқа газды тасымалдау	12 700	12 700	0	0,0
Ішкі тұтынушылар үшін газды тасымалдау	9 433	9 828	-395	-4,0
Газ тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн. м³)	50 078	54 877	-4 799	-8,7
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	34 582	39 171	-4 589	-11,7
"ҚазТрансГаз-Аймақ" АҚ	1 275	1 380	-105	-7,6
"Азиялық газ құбыры" ЖШС (50%)	11 653	12 335	-682	-5,5
"Бейнеу - Шымкент газ құбыры" ЖШС (50%)	2 568	1 990	577	29,0

Газ тасымалдаудың жалпы көлемдері мыналардың есебінен есепті кезеңде 4 799 млн. м³ төмендеді:

- «Газпром» ЖАҚ-тың Ресей Федерациясының солтүстік өңірлеріне «Союз-Орынбор-Новопсков» магистралдық газ құбырымен газ көлемдерін қайта бағыттауы;
- «Орта Азия – Орталық» магистралдық газ құбыры арқылы өзбек газының транзитін азайту;
- түрікменде шығарылған газ көлемдерін ҚХР-ға толық жеткізбеуі;
- газды аз тұтынуына байланысты ішкі нарыққа газ тасымалдау көлемдерінің азаюы.

3.6. Көмірсутегі шикізатын өңдеу

Павлодар мұнай-химия зауыты («ҚазМұнайГаз» ҰК) АҚ қатысу үлесінің 100 %-ы): Қазіргі кезде ПМХЗ мұнай өнімдері ретінде (K4, K5) ысырапсыз жылына 5,1 млн. тонна мұнайды өңдей алады. Есепті кезеңде өңдеу тереңдігі 84,7% құрады. Кейбір сапасын азайту кезінде ПМХЗ 6 млн. тоннаны өңдей алады;

Атырау мұнай өңдеу зауыты («ҚазМұнайГаз» ҰК) АҚ қатысу үлесінің 99,53%-ы): өңдеудің жобалық қуаты жылына 5,5 млн. тоннаны құрайды, есепті кезеңдегі қайта өңдеу тереңдігі 75,5% құрады;

- Шымкент мұнай өңдеу зауыты («ПетроҚазақстан Ойл Продактс», «ҚазМұнайГаз» ҰК) АҚ қатысу үлесінің 49,72 %): жобалық қуаты – жылына 6,0 млн. тонна, есепті кезеңдегі қайта өңдеу тереңдігі 81,3% құрады;

- CaspiBitum- («ҚазМұнайГаз» ҰК) АҚ қатысу үлесінің 50 %-ы): ауыр қаражанбастық мұнайдан жол битумдарын өндіретін зауыт. Қайта өңдеу бойынша жобалау қуаты жылына 1,0 млн. тоннаны құрайды.
- KMG International N.V. (Rompetrol Rafinare) екі МӨЗ «Petromidia» мен «Vega» және Petrochemicals мұнай-химия кешені (МХК) кіреді:
 - «Petromidia» МӨЗ - (Rompetrol Rafinare S.A. қатысу үлесінің 100 %) жобалық қуаты – 5,0 млн. тонна мұнай және жылына 1 млн. тонна өзге көмірсутегі шикізаты. Мұнай-химия кешені «Petromidia» МӨЗ-бен біріктірілген;
 - «Vega» МӨЗ - (Rompetrol Rafinare S.A. қатысу үлесінің 100%) жобалық қуаты - жылына 500 мың тонна. «Vega» МӨЗ шикізаттың баламалы түрлерін (нафта, ауыр көмірсутегі фракциялары, мазут) қайта өңдеуге маманданған Румыниядағы бірден-бір кәсіпорын.

Көмірсутегі шикізатын шоғырландырылған өңдеу жұмыс көлемін ескере отырып (мың тонна)	30.06.2019	30.06.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 6 ай ішіндегі	аяқталған 6 ай ішіндегі		
	9 998	9 829	169	1,7
Атырау мұнай өңдеу зауыты	2 699	2 604	95	3,6
Павлодар мұнай-химия зауыты	2 475	2 785	-310	-11,1
ПетроҚазақстан Ойл Продактс (50%)	1 315	973	342	35,2
CaspiBitum (50%)	181	186	-6	-3,0
KMG International N.V. (Rompetrol Rafinare)	3 328	3 281	47	1,4
«Petromidia»	3 126	3 087	39	1,3
«Vega»	202	194	8	4,0

Мынадай себептер бойынша өңдеу көлемдерін арттырудың негізгі себептері:

- АМӨЗ, ПҚОП - 2018 жылдың ұқсас кезеңіндегі фактіден 2019 жылғы 1-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштерінің ауытқуы зауыттарда жаңғыртудың аяқталуымен және мұнай өнімдері себетінің өзгеруімен байланысты (ашық түсті мұнай өнімдерін өндіруді ұлғайту, қара түсті мұнай өнімдерін өндіруді азайту). ПМХЗ бойынша азаюы 2019 жылғы мамырда жоспарлы-ескерту жұмыстарын жүргізумен байланысты;
- CASPI BITUM – 2019 жылғы қаңтарда жоспарлы-ескерту жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ «Қаражанбасмұнай» АҚ өңдеуге берушісінің нақты өтінімдерін азайту;
- KMG International N.V. (Rompetrol Rafinare) - шикі мұнай диетасын жақсарту нәтижесінде бұл сапаның ауытқуын азайтуға және оны өңдеу бойынша жобалық қуатқа қол жеткізуге мүмкіндік берді.

3.7. Мұнай, мұнай өнімдері мен газды өткізу

ҚМГ өндірілген мұнайын өткізу, мың тонна

мың тонна	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі			30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі		
	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы
Операциялық активтер*	4 373	3 416	7 788	4 372	3 449	7 821
Мегажобалар**	3 853	0	3 853	3 758	0	3 758
Жиыны	8 225	3 416	11 641	8 130	3 449	11 579

* Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Маңғыстаумұнайгаз, Қаражанбасмұнай, Қазгермұнай, Petrokazakhstan, Inc, Қазақойл Ақтөбе, Қазақтүрікмұнай.

** Теңізшевройл, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в., «ҚМГ Қашаған Б.В.». ЖШЖК

2018 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2019 жылғы 6 ай ішінде мұнайды өткізу көлемдері 62 мың тоннаға өсті. Бұл өсу мұнай өндірудің табиғи құлдырауы себебімен ҚМГ және ПКИ бойынша төмендеуімен ішінара теңестірілген.

Мұнай өнімдерін өткізу

Есепті кезеңде мұнай өнімдерін өткізу «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚМГ-Өнімдері» АҚ, «ҚазМұнайГаз-Аэро» АҚ, ПМХЗ және KMG International N.V. компанияларымен жүзеге асырылды.

мың тонна	30.06.2019	30.06.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 6 ай ішіндегі	аяқталған 6 ай ішіндегі		
Көтерме сату	4 104	4 060	44	1
Ашық түсті мұнай өнімдері	2 574	2 028	545	27
Қара түсті мұнай өнімдері	498	532	-33	-6
Мұнай-химия	126	80	46	57
Сұйылтылған газ	148	106	42	39
Өзгелері	757	1 313	-555	-42

Бөлшек сату	915	1 204	-289	-24
Ашық түсті мұнай өнімдері	780	1 056	-277	-26
Сұйылтылған газ	67	71	-4	-6
Өзгелері	69	77	-8	-11
Мұнай өнімдерін өткізудің барлық көлемі	5 019	5 264	-245	-5

ҚМГ мұнай өнімдерін өткізу

мың тонна	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Қазақстандық мұнай өнімдерін өткізу	1 624	1 372	252	18
Көтерме өткізу*	1 362	786	576	73
Бөлшек өткізу	262	586	-324	-55
КМГІ мұнай өнімдерін өткізу	3 395	3 892	-497	-13
Көтерме сату	2 742	3 274	-532	-16
Бөлшек сату	653	618	35	6
Жиыны	5 019	5 264	-245	-5

* ҚМГ АЖС бөлшек желісі үшін мұнай өнімдерін көтерме сату көлемдерін қоспағанда

2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда есепті кезеңде мұнай өнімдерін өткізу көлемі 245 мың тоннаға төмендеді. Негізінен, «ҚМГ-Өнімдері» АҚ қайта ұйымдастыруға байланысты көтерме өткізу көлемін ұлғайту кезінде бөлшек саудамен сату көлемін азайту.

Қазақстандық мұнай өнімдерін өткізу көлемін зауыттарды жаңғыртуды аяқтау салдарынан ҚР зауыттарында өндіруді ұлғайтуға байланысты дизельдік отынның (ашық түсті мұнай өнімдері) көтерме сату көлемінің өсуі есебінен 541 мың тоннаға ұлғайту. Осы ұлғаю ішкі нарықта бензиннің қалыптасқан пайдасына және экспортқа өткізу бойынша рұқсаттың болмауына байланысты бензинді өткізу көлемінің азаюымен ішінара теңестіріледі.

КМГ Int. мұнай өнімдерін өткізу көлемінің төмендеуі Азиялық нарықта мұнай өнімдеріне сұраныстың азаюына байланысты болды, бұл үшінші тараптарға (Петромидия) өткізу көлемдерінің өсуімен және бөлшектеп өткізудің өсуімен ішінара теңестіріледі.

Газды өткізу

Табиғи газды өткізу негізінен «ҚазТрансГаз» АҚ есебінен жүзеге асырылады. Осы компанияның функциясына ішкі нарық үшін табиғи газды сатып алу, өңірлік газ бөлу желілері арқылы газды тасымалдау, газ бөлу объектілері мен желілерін пайдалану және ішкі нарықта табиғи газды өткізу кіреді.

«ҚазТрансГаз» АҚ газын өткізу*(млн. м ³)	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Экспортқа газды сату	4 279	4 414	-135	-3
Ішкі нарыққа газды сату	7 346	7 586	-240	-3
Газ сату көлемінің жиыны	11 625	12 000	-375	-3

Газды экспортқа өткізу көлемінің азаюы ҚХР-ға экспортты газды қабылдауды шектеумен және басқа өнім берушілермен уағдаластыққа байланысты Ресейге, Қырғызстанға және Өзбекстанға өткізуді азаюымен түсіндіріледі. ҚР барлық өңірлері үшін 2019 жылдың 1-жартыжылдығында қажеттілікті азайту себебі бойынша ішкі нарыққа газды өткізу көлемін азайту.

4. ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Пайдалар мен залалдар туралы есеп

Пайдалар мен залалдар (млн. теңге)	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Өнімді өткізуден және қызметтерді көрсетуден түскен кірістер	3 402 580	3 356 260	46 320	1%
Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	-2 511 579	-2 614 525	102 946	-4%
Жалпы пайда	891 001	741 735	149 266	20%
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-110 700	-109 023	-1 677	2%
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	-358 123	-303 924	-54 199	18%
Негізгі құралдардың, барлау активтерінің және материалдық емес активтердің құнсыздануы, нетто	-25 240	-39 701	14 461	-36%
Негізгі құралдардың шығып қалуынан болған кіріс/(залал), нетто	-636	-1 463	827	-57%
Өзге кірістер/(шығыстар)	2 965	1 271	1 694	133%
Операциялық пайда	399 267	288 895	110 372	38%
Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто	2 185	1 665	520	31%
Қаржылық кірістер	61 796	111 354	-49 558	-45%
Қаржылық шығыстар	-160 847	-277 526	116 679	-42%
Еншілес ұйымдардың шығуынан кіріс (залал)	17 481	3 249	14 232	438%
Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымдардың кірістеріндегі/(залалдарындағы) үлесі	445 250	337 319	107 931	32%
Салық салғанға дейінгі пайда/залал	765 132	464 956	300 174	65%
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	-142 734	-108 812	-33 922	31%
Тоқтатылған қызметтен кіріс/(залал)	6	3 562	-3 556	-100%
Таза кіріс/(залал)	622 404	359 707	262 695	73%

4.1. Кірістер

Өнімді өткізуден және қызметтерді көрсетуден түскен шоғырландырылған кірістер

млн. теңге	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	969 281	985 983	-16 702	-1,7
Шикі мұнайды сату (шикі мұнай сапасының қорын ескере отырып)	1 551 191	1 611 807	-60 616	-3,8
Тауарлы газды сату	445 343	350 547	94 796	27,0
Мұнайды тасымалдау	84 500	82 456	2 043	2,5
Газды тасымалдау	70 647	73 898	-3 251	-4,4
Мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу	96 298	86 696	9 603	11,1
Мұнай сервис қызметтері	43 615	37 457	6 157	16,4
Өзгелері	141 705	127 415	14 290	11,2
Өнімді өткізуден және қызметті көрсетуден кірістердің барлығы	3 402 580	3 356 260	46 320	1,4

Өнімді өткізу және қызметтерді көрсетудің шоғырландырылған көлемдері

Өнімді өткізу және қызметтерді көрсету көлемдері	Өлшем бірлігі	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	мың тонна	5 019	5 264	-245	-4,7
Шикі мұнай сату	мың тонна	8 329	9 310	-981	-10,5
Тауарлы газды сату	млн.м ³	11 834	11 791	44	0,4
магистралдық құбырмен мұнайды тасымалдау	мың тонна*км	12 358	12 741	-383	-3,0
Газды тасымалдау	млн.м ³ *км	24 286	27 758	-3 472	-12,5
Мұнайды қайта өңдеу	мың тонна	3 546	3 822	-276	-7,2

Орташа қалыптасқан есеп айырысу бағалары

Орташа қалыптасқан есеп айырысу бағалары	Өлшем бірлігі	30.06.2019	30.06.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
		аяқталған 6 ай ішіндегі	аяқталған 6 ай ішіндегі		
Мұнай өнімдерін сату	бір тоннасы үшін теңге	193 129	187 313	5 816	3,1
Шикі мұнай сату	бір тоннасы үшін теңге	186 250	173 131	13 120	7,6
Тауарлы газды сату	мың. м ³ үшін теңге	37 632	29 731	7 901	26,6
магистралдық құбырмен мұнайды тасымалдау	бір тоннасы үшін теңге	6 662	6 039	623	10,3
Газды тасымалдау	мың. м ³ үшін теңге	2 909	2 662	247	9,3
Мұнайды қайта өңдеу	бір тоннасы үшін теңге	27 158	22 685	4 473	19,7

Есепті кезеңді өткізуден түскен кірістер 3 402 580 млн. теңгені құрады және өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1%-ға ұлғайды. Кірістер құрылымында газ бен конденсатты сатудан, мұнай мен газды тасымалдаудан, мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеуден және сервистік қызметтерді көрсетуден түскен кірістер үлесінің өскені байқалып отыр.

Қызмет түрлері бойынша кірістер өзгерістерінің негізгі себептері:

- шикі мұнайды сатудан - 4%-ға төмендеуі трейдингтік операциялардың және мұнайға орташа өлшенген әлемдік бағаның азаюымен байланысты;
- мұнай өнімдерін сатудан - 2%-ға төмендеуі әлемдік нарықта баға белгіленімдерінің азаюына және азиялық нарықта сұраныстың төмендеуіне байланысты экспорттық бағалардың төмендеуімен байланысты;
- тауарлы газды сатудан - 27%-ға өсуі ҚХР-ға газ өткізудің орташа бағасының (2018 жылдың 1 жартыжылдығы ішінде мың м³ үшін 189 АҚШ долларынан бастап есепті кезеңде мың м³ үшін 223 АҚШ долларына дейін) және АҚШ долларына теңге бағамының ұлғаюы есебінен қалыптасты;
- мұнайды тасымалдаудан - 3%-ға өсуі тасымалдауға арналған тарифтердің артуымен (Түймазы-Омбы-Новосібір-2 магистралдық құбырының қазақстандық учаскесі бойынша ҚР аумағы арқылы транзитке 2018 ж. 1 сәуірден бастап 1000 км-де 1 тоннасы үшін (ҚҚС есепке алмағанда) экспорттық тарифтің 5 817,2 бастап 6 398,9 теңгеге дейін өсуі), сондай-ақ жүк айналымы көлемінің ұлғаюына байланысты;
- газ тасымалдаудан - 4%-ға кемуі ресейлік транзит көлемдерінің, газды ішкі нарыққа тасымалдау көлемдерінің және өңірлер бойынша газды өңірлік тасымалдауға арналған тарифтердің төмендеуімен байланысты;
- мұнай өңдеуден - 11%-ға өсуі мұнай өңдеу бойынша тарифтердің ұлғаюына (ПМХЗ (2018 ж. 1-жартж. 17 249 теңге/тоннадан бастап есепті кезеңде 19 805 теңге/тоннаға дейін); АМӨЗ (2018 ж. 1-жартж. 31 473 теңге/тоннадан бастап есепті кезеңде 37 436 теңге/тоннаға дейін) байланысты.

4.2. Шығыстар

Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны

млн. теңге	30.06.2019	30.06.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 6 ай ішіндегі	аяқталған 6 ай ішіндегі		
Материалдар мен қорлар	546 224	416 670	129 556	31
Шикі мұнай, газ және газды қайта өңдеу өнімдері	1 313 947	1 453 296	-139 349	-10
Жалақы бойынша шығыстар	151 107	146 221	4 886	3
Тозу, сарқылу және амортизация	148 406	117 056	31 350	27
Қайта сатуға арналған сатымдық мұнай өнімдері	81 905	265 440	-183 535	-69
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы	50 566	58 041	-7 475	-13
Жөндеу және қызмет көрсету	18 993	15 286	3 707	24
Электр энергиясы	42 784	28 237	14 547	52
Өзге де салықтар	33 815	33 932	-117	0
Көлік шығыстары	14 344	7 003	7 341	105
Өзгелері	109 487	73 343	36 144	49
Жиыны	2 511 579	2 614 525	-102 946	-4

Есепті кезең ішінде шоғырландырылған өзіндік құн өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 103 млрд. теңгеге немесе 4%-ға азайды. Негізінен, шығыстардың төмендеуі мынадай баптар бойынша қалыптасты:

- «қайта сатуға арналған сатымдық мұнай өнімдері» және «шикі мұнай, газ және газды қайта өңдеу өнімдері» - Венесуэлада енгізілген соңғы санкциялар негізінде Азиялық нарықта тұтынушылардың сұрауын азайту себебі бойынша мұнай және мұнай өнімдері жөніндегі трейдингтік операциялар көлемдерін төмендету нәтижесінде, сондай-ақ Герагай (Индонезия) кен орнынан мұнай өткізу бойынша келісім әлі ұзартылмауына және қазіргі кезде талқылау сатысында тұруына байланысты. Бұдан басқа, шығыстардың азаюына есепті кезеңдегі Brent маркалы мұнайдың ең аз орташа бағасы әсер етті (2019 жылғы 1-жартыжылдық ішінде – 66,01 USD/bbl, 2018 жылғы 1-жартыжылдық ішінде – 70,50 USD/bbl). Ішінара төмендеуі теңгенің АҚШ долларына бағамының өзгеруімен теңестіріледі (2019 ж. 1-жартыж. нақты – 379,3 КЗТ/USD, 2018 ж. 1-жартыж. нақты – 326,5 КЗТ/USD);
- «пайдалық қазбаларды өндіру салығы» - Узень кен орнын суландырылғанға жатқызу себебі бойынша жеңілдікті алуына байланысты;

Жоғарыда көрсетілген төмендеуі мынадай баптар бойынша шығыстардың өсуімен ішінара теңестірілді:

- «материалдар мен қорлар» - мұнай өңдеу зауыттарына жүргізілген жаңғыртуға, сондай-ақ мұнай өңдеу көлемінің ұлғаюына және АҚШ доллары бағамының өсуіне байланысты;
- «тозу, сарқылу және амортизациялау» - инвестициялық жобаларды (МӨЗ жаңғырту, 3 компрессорлық станция салу және т.б.) іске асыру нәтижесінде амортизациялық базаның ұлғаюына байланысты;
- «электр энергиясы» - оларды жаңғыртқаннан кейін МӨЗ қондырғыларын пайдалануға енгізуге байланысты, сондай-ақ шығыстардың өсуіне Румыниядағы (KMG Int.) тарифтердің өсуі және АҚШ долларына теңге бағамының өзгеруі әсерін тигізді;
- «өзге де шығыстар» - негізінен, ҚТКФ бойынша Каспий теңізі және Ашық теңіздер арқылы орындалған жұмыстар көлемдерінің өсуіне байланысты. Сондай-ақ өсу жаңғыртылған МӨЗ жаңа қондырғыларына қызмет көрсетуге және қызметтің негізгі емес түрлері (сүмен жабдықтау және су тарту, клининг және басқалар) бойынша қосымша бөлімшелерді аутсорсингке шығаруға байланысты өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтер бойынша шығыстардың ұлғаюы есебінен болды.

Жалпы және әкімшілік шығыстар

млн. теңге	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Жалақы бойынша шығыстар	36 736	33 272	3 464	10
Өтелетін ҚҚС-ның құнсыздануы	11 008	1 126	9 882	878
Консультациялық қызметтер	8 726	10 378	-1 652	-16
Тозу және амортизациялау	10 737	11 259	-522	-5
Өзге де салықтар	5 784	5 176	608	12
Негізгі құралдарды жалдау бойынша шығыстар, МЕА	1 126	2 845	-1 719	-60
Сауда дебиторлық берешектің құнсыздануына арналған резервтер	2 475	1 861	614	33
Салықтар, айыппұлдар мен өсімақылар бойынша резервтер	3 598	6 472	-2 874	-44
Өзге ағымдағы активтердің құнсыздануына арналған резервтер	8 715	2 273	6 442	283
ЕТҚ-ға кірмеген әлеуметтік төлемдер (салықтар мен ЖЗҚ аударымдарын қоса алғанда)	1 965	11 544	-9 579	-83
Өзгелері	19 830	22 817	-2 987	-13
Жиыны	110 700	109 023	1 677	2

Есепті кезеңде жалпы және әкімшілік шығыстар 110 млрд. теңгені құрады, ол өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1,7 млрд. теңгеге немесе 2%-ға жоғары. Негізінен, мынадай баптар бойынша шығыстардың өсуі:

- «жалақы бойынша шығыстар» - АҚШ долларына теңге бағамының өзгеруі есебінен (2019 ж. 1-жартж. нақты – 379,3 КЗТ/USD, 2018 ж. 1-жартыж. нақты – 326,5 КЗТ/USD) өйткені KMG Int. еңбекқа төлеу қоры шетелдік валютамен есептеледі;
- өзіндік құннан төмен баға бойынша ішкі нарыққа газды сатуына байланысты «өтелетін ҚҚС құнсыздануы бойынша шығыстар»;
- Жекпе-жек сарайын салу бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануы жөніндегі шығыстарды көрсетуге байланысты «өзге де ағымдағы активтердің құнсыздануына арналған резервтер».

Шығыстардың жоғарыда көрсетілген ұлғаюы мынадай баптар бойынша шығыстардың төмендеуімен ішінара теңестірілді:

- «ЕТҚ кірмейтін әлеуметтік төлемдер» - өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі 5/50 бағдарламасы бойынша еңбек шарттарын бұзу жөнінде шығыстарға байланысты, өйткені АНС компаниялары тобын қайта ұйымдастыру жүргізілді;
- «салықтар, айыппұлдар және өсімақылар бойынша резервтер» – негізінен, Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің шешімі негізінде ЕМГ бойынша экологиялық зиянның коэффициентін қайта қарау есебінен азаюы;
- «жалдау бойынша шығыстар» - ҚЕХС 16 стандартын енгізуге байланысты 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап «тозу және амортизациялау» бабына шығыстардың бір бөлігін қайта жіктеу жүргізілді;
- «тозу және амортизациялау» - негізінен 2018 жылғы шілдеден бастап «Рагатах» хош иісті көмірсутектерді өндіру кешені» және «Мұнайдың тереңдетіп өңдеу кешені» қондырғыларын консервациядан шығарумен және пайдалануға енгізумен және өзіндік құн бойынша шығыстарға тозу және амортизациялау бойынша шығыстарды тиісінше көрсетумен байланысты. Бұл төмендеу ҚЕХС 16 стандартына сәйкес осы баптағы жалдау бойынша шығыстардың бір бөлігін көрсетуімен ішінара теңестірілді;
- «консультациялық қызметтер» - ҚМГ БӨ-нің Лондон Қор биржасымен делистингі және 2018 жылы қорларды техникалық бағалау шеңберінде консалтингтік компанияларға комиссия төлеуге байланысты.

Өткізу бойынша шығыстар

млн. теңге	30.06.2019	30.06.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 6 ай ішіндегі	аяқталған 6 ай ішіндегі		
Рентті салық	68 969	67 348	1 621	2
Кедендік баждар	66 645	58 208	8 437	14
Тасымалдау	189 524	146 662	42 862	29
Жалақы бойынша шығыстар	8 200	7 637	563	7
Тозу және амортизациялау	6 886	5 524	1 362	25
Өзгелері	17 899	18 546	-647	-3
Жиыны	358 123	303 924	54 199	18

Есепті кезеңде тасымалдау және өткізу бойынша шоғырландырылған шығыстар негізінен ҚХР-ға экспортқа газ тасымалдау көлемдерінің өсуі себебі бойынша тасымалдау жөніндегі шығыстардың ұлғаюы есебінен 54 млрд. теңгеге немесе 18%-ға өсті. Сондай-ақ рентті салық пен кеден баждары бойынша шығыстардың ұлғаюына байланысты, негізінен, АҚШ долларына теңге бағамының өзгеруі (2019 ж. 1-жартыж. нақты – 379,3 KZT/USD, 2018 ж. 1-жартыж. нақты – 326,5 KZT/USD) және шикі мұнай экспортының болар-болмас өсуі нәтижесінде (+36 мың тонна).

4.3. Бірлесіп бақыланатын ұйымдар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес

млн. теңге	30.06.2019	30.06.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 6 ай ішіндегі	аяқталған 6 ай ішіндегі		
«Теңішевройл» ЖШС	223 618	219 804	3 814	2
«Маңғыстау Инвестментс» БВ	46 242	47 517	-1 275	-3
«ҚазГерМұнай» ЖШС	11 862	11 436	426	4
«ПетроҚазақстан Инк»	2 948	8 008	-5 060	-63
«ҚазРесГаз» ЖШС	11 243	-403	11 646	-2 890
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС	4 908	4 232	676	16
Ural Group Limited	-3 665	-10 436	6 771	-65
Бейнеу-Шымкент газ құбыры	33 840	11 564	22 276	193
Азиялық газ құбыры	67 518	0	67 518	-
Каспий құбыр консорциумы	33 396	24 487	8 909	0
ҚМГ Қашаған Б.В.	1 328	14 644	-13 316	-91
«Валсера Холдинг» БВ	-3 389	-6 302	2 913	-46
Теңіз Сервис	8 570	8 198	372	5
Өзгелері	6 831	4 570	2 261	49
Жиыны	445 250	337 319	107 931	32

2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда бірлесіп-бақыланатын ұйымдардың және қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес 2019 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындылары бойынша 108 млрд. теңгеге немесе 32%-ға ұлғайды.

Өсудің негізгі себептері:

- ТШО бойынша – зауыттардың орташа тәуліктік өнімділігінің өсуі есебінен мұнай өндіру көлемдерін ұлғайту (2019 жылғы 1-жартыжылдық нақты - тәулігіне 82 658 тонна, 2018 жылғы 1-жартыжылдық нақты – тәулігіне 81 412 тонна). Сондай-ақ АҚШ долларына теңге бағамының өзгеруі есебінен (2019ж. 1-жартыж. нақты – 379,3 KZT/USD, 2018 ж.1-жартыж. нақты – 326,5 KZT/USD);
- ҚРГ бойынша - 2019 жылғы сәуірден бастап СВОП-жеткізулер бойынша газды өткізу бағасын ұлғайту (2018 жылы орташа өлшенген бағасы – 65 АҚШ долл./мың м³, 2019 жылы – 78 АҚШ долл./мың м³) және де 2019 жылы лимиттен тыс демеушілік көмекті төлеу бойынша шығыстардың болмауы, өйткені қатысушылардың жалпы жиналысының 17.07.2015 ж. шешімімен лимиттен тыс демеушілік көмекті төлеу 2014-2018 жылдарға көзделді;
- UGL бойынша - UGL-ға инвестицияға капиталдандырылған қаржылық шығындардың элиминациясын жүргізуге байланысты залалдарды азайту;
- БШГ – экспортқа газ тасымалдау көлемдерін 1 176,5 млн. м³ ұлғайту;
- АГҚ бойынша - залалдағы жинақталған танылмаған үлесті толық қалпына келтіру және 2019 жылғы наурыздан бастап ҚМГ шоғырландырылған қаржылық есептілігінде АГҚ көрсеткіштерін көрсету;
- КҚК бойынша - амортизациялау бойынша қарыздар мен шығыстарды өтеуге байланысты сыйақы бойынша шығыстарды азайту;
- «Валсера Холдинг» БВ бойынша - 2018 жылғы аудит нәтижелері бойынша қосымша амортизация;

Бұл ретте мұнай өндірудің табиғи құлдырауына, экспортқа мұнай өткізу көлемдерінің төмендеуіне және трансферттік баға белгілеуге байланысты айыппұлдар мен өсімақыларды есептеуге байланысты «ПетроКазахстан Инк» таза кірісінің азаюы болды. Сондай-ақ 2019 жылғы 15 сәуірден бастап 19 мамыр аралығында жоспарлы күрделі жөндеуді жүргізу себебі бойынша мұнай өндіру көлемдерін азайтуға байланысты ҚМГ Қашаған Б.В. бойынша азаю болды.

2019 жылғы 1-жартыжылдықта ҚМГ бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан 42 306 млн. теңге мөлшерінде дивидендтер алды, ол өткен жылдың ұқсас кезеңінен 36 420 млн. теңгеге немесе 46%-ға аз. Азаюының негізгі себебі – 2018 жылғы 1-жартыжылдықта ТШО мен ҚазРесГаз дивидендтер төлеуі.

млн. теңге	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер, нетто	42 306	78 726	-36 420	-46

4.4. Табыс салығы бойынша шығыстар

млн. теңге	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Ағымдағы табыс салығы:				
Корпоративтік табыс салығы	71 853	63 449	8 404	113
Үстеме пайда салығы	7 342	-3 460	10 802	-212
Алынған дивидендтер бойынша төлем көзінен салық	6 485	12 582	-6 097	52
Кейінге қалдырылған табыс салығы:				
Корпоративтік табыс салығы	23 409	10 491	12 918	223
Үстеме пайда салығы	103	-7 887	7 990	-1
Алынған дивидендтер бойынша төлем көзінен салық	33 543	33 638	-95	100
Табыс салығы бойынша шығыстар	142 735	108 812	33 923	131

2019 жылғы 1-жартыжылдық ішінде корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар 143 млрд. теңгені құрады, ол 2018 жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішінен 8 404 млрд. теңгеге жоғары. Негізінен, АҚШ долларына теңге бағамының өзгеруіне (2019 ж. 1-жартыж. нақты – 379,3 KZT/USD, 2018 ж. 1-жартыж. нақты – 326,5 KZT/USD) және ҚХР-ға экспортқа газды өткізуге байланысты.

Есепті кезеңде Бейнеу жобасы бойынша үстеме пайда салығы (бұдан әрі - ҮПС) және Жамбыл жобасы бойынша ҮПС жөніндегі алдын ала кейінге қалдырылмаған салық міндеттемесі есептелді. Өткен жылдың ұқсас кезеңінде ҚМГ БӨ

(ЕМГ) тіркелген активтер құнын шегеруге жатқызуына байланысты 2017 жыл ішінде бұрын есептелген ҮПС алынған кірістерге қарсы жинақталған шығыстардың есебін көздейтін ҮПС есептеу бойынша жаңа тәсілдемені 2018 жылдан бастап қолдану есебінен түзету жасалды. Сондай-ақ ҚМГ КО бойынша кейінге қалдырылмаған ҮПС қайта есептелді және ағымдағы шоттар, депозиттер, берілген қарыздар бойынша сыйақылармен НУИВ, сондай-ақ ҚҚК-К бойынша күрделі сыйақылар мен қосымша салықтан НУИВ есептелді. Уақытша айырмалардың әсер етуі салдарынан шоғырландыру деңгейінде ТШО дивидендтерінен төлем көзінен кейінге қалдырылған салықтың мөлшері өзгертілді.

4.5. Өтімділік және күрделі шығындар

Борыштық міндеттемелер

Топтың таза борышы 2018 жылғы 31 желтоқсандағы 2 166,5 млрд. теңгемен салыстырғанда 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 2 491,3 млрд. теңгені құрады. Таза борыштың ұлғаюы негізінен ТШО мұнайына аванс беру бойынша міндеттемелерді орындау есебінен, ақша қаражаты мен баламаларының азаюына байланысты.

Топтың тартылған кредиттері мен қарыздары бойынша жалпы берешек есепті кезеңнің басындағы жағдай бойынша 4 153,2 млрд. теңгемен салыстырғанда есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша 3 995,3 млрд. теңгені құрады. 2019 жылғы 30 маусымда жалпы борыш 2018 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 3,8%-ға төмендеді. Борыштың азаюы негізінен, ҚДБ пайдасына ҚМГ облигацияларын 53,3 млн. АҚШ доллары сомасында (баламасы 20 278,9 млн. теңге) өтеу, ҚМГ еурооблигацияларын 30,1 млн. АҚШ доллары сомасында мерзімінен бұрын өтеу, АМӨЗ қарыздарын шамамен 211 млн. АҚШ доллары сомасында өтеу (нетто, баламасы млн.теңге) есебінен болды. Сондай-ақ, борышты азайту аясында ҚМГИ тобымен ағымдағы кредиттік желілер шеңберінде айналым қаражатын толтыруға арналған қарыздарды шамамен 41 млн. АҚШ доллары сомасында (нетто, баламасы млн. теңге) тарту жүзеге асырылғанын атап өтеміз.

млн. теңге	30.06.2019	31.12.2018
Ұзақ мерзімді бөлігі	3 709 471	3 822,648
Ағымдағы бөлігі	285 845	330,590
Берешек, жиыны	3 995 316	4 153 238
Ақша қаражаты және олардың баламасы	899 330	1 545 848
Қысқа мерзімді банк салымдары және ұзақ мерзімді банк депозиттерінің бір бөлігі	604 713	440 867
Таза борыш (берешектің жиыны –Ақшалай қаражат - Қысқа мерзімді қаржылық активтер)	2 491 273	2 166 523

Өтімділік

Есепті кезең ішіндегі Топтың ақша жайғасымы (2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) 1 986,7 млрд. теңгеден бастап 1 504,0 млрд. теңгеге дейін (2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша) қысқарды. Есепті кезең ішінде ақша жайғасымын азайтудың негізгі себебі ТШО мұнайын жеткізуге аванс беру бойынша мәміле шеңберінде міндеттемелердің жедел амортизациясы болды.

Болжамды өтімділік және үрдістер

Компания 2019 жылдың аяғына қарай болжамды шоғырландырылғын өтімділік азаяды деп болжауда, алайда ағымдағы шығыстар мен міндеттемелерді жабу үшін әлі де жеткілікті болып қалып отыр. Сонымен бірге, мұнай бағасы әжептәуір төмендетілген, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру туралы шешімдер қабылдау және/немесе Компанияның ағымдағы жоспарларында көзделмеген басқа да маңызды оқиғалардың пайда болуы жағдайында болжамдық өтімділік төмендеу тенденциясына ие болуы мүмкін.

Күрделі қаржы шығыстары

Топтың күрделі қаржы шығыстары инвестициялық жобаларға, өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауға арналған қаражатты салуды және өзге де (әкімшілік және әлеуметтік сипаттағы) шығындарды қамтиды. Есепті кезеңде күрделі қаржы шығыстары 167 млрд. теңгені құрады, бұл 2018 жылға қарағанда, 10 млрд. теңгеге аз.

Қызметтің негізгі бағыттар бөлінісіндегі күрделі қаржы шығыстары:

млн. теңге	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай мен газды барлау және өндіру	87 104	78 987	8 117	10
Мұнайды тасымалдау	14 348	32 559	-18 211	-56

млн. теңге	30.06.2019 аяқталған 6 ай ішіндегі	30.06.2018 аяқталған 6 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Газды тасымалдау	40 306	13 161	27 145	206
Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	20 325	47 722	-27 397	-57
Өзгелері	4 653	4 657	-5	-0
Күрделі салымдардың жиыны	166 735	177 085	-10 350	-6

- 2019 жылдың 1-жартыжылдығында мұнай мен газды барлау және өндіру бағыты бойынша күрделі шығындар 87 млрд. теңгені құрады, бұл 2018 жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда, 8 млрд. теңгеге көп. 2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2019 жылғы есепті кезең ішінде күрделі қаржы шығындарының ұлғаюы «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС жобалары бойынша шығындардың өсуі себебінен болды: Өңдеуші кешеннің газ бойынша өндірістік шектеулерін алу; өңдеуші кешеннің мұнайды дайындау жүйесін жаңғырту; 2-газды кешенді дайындау қондырғысының компрессорларын; газды кері айдаудың 4-компрессорын жаңғырту. Сондай-ақ есепті кезеңде пайдалану бұрғылау көлемінің және 2018 жылдан бастап негізгі құралдарды сатып алу көлемдерінің ұлғаюына байланысты қайта жұмсау;
- «Мұнай тасымалдау» бағыты бойынша шығыстардың азаюы 2018 жылы ҚТКФ компаниясының «ТШО келешекте кеңейту жобасы үшін MCV класының 3 (үш) барж-алаңын салу» және «ТШО келешекте кеңейту жобасы үшін 3 (үш) буксирлерді салу» жобаларының іске асырылуына байланысты. Бұдан басқа, 2018 жылы ҚТО бойынша құбырларды ауыстыру бойынша жұмыстардың үлкен көлемі жасалды, сондай-ақ транкингтік радиобайланыс желісін жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізілді;
- «Газ тасымалдау» бағыты бойынша күрделі шығындардың ұлғаюы 2018 жылғы ұқсас кезеңнің фактісіне қарағанда 27 млрд. теңгеге артық. Күрделі қаржы шығындарының асып кетуі жобаларды іске асырумен байланысты: газды ҚХР-ға экспорттау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін «ББШ» МГ өткізу қабілетін жылына 10 млрд.м³ дейін ұлғайту; «Бозой» ПХГ-дегі газды сақтау қуатын арттыру; «БГР-ТБА» МГ өткізу қабілетін ұлғайту және сығу компрессорлық станциясын салу;
- «Шикі мұнай және мұнай өнімдерін өңдеу және өткізу» бағытында шығыстарды азайтудың негізгі себебі 2018 жылы АМӨЗ жаңғырту жобасын аяқтау болып табылады.

ГЛОССАРИЙЛЕР

KMG Int.– интеграцияланған румындық мұнай-газ компаниясы KMG International N.V.
CASPI BITUM - «CASPI BITUM» БК» ЖШС
АГҚ – Азия газ құбыры (ҚХР-ға ортаазиялық газды тасымалдауға арналған магистралдық газ құбыры)
АМӨЗ – «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС
ББШ – «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистралдық құбыры
БШГ - «Бейнеу – Шымкент газ құбыры» ЖШС
Топ - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ қызметін ҚМГ бақылау құқығы бар заңды тұлғалар.
ЕТҰ – еншілес тәуелді ұйым
ШГА/ЕҰЗ - Шикі газды айдау/екінші ұрпақ зауыты
ҚХР - Қытай Халық Республикасы
ҚМГ, Компания - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ
ҚМГ-Аэро - «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС
ҚМГ Қарашығанақ - «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС.
ҚМГӨ – «ҚМГ-Өнімдері» ЖШС
ҚТКФ - «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС
ХӨК – хош иісті көмірсутегілерді өндіру кешені
ҚТК – қызметтің түйінді көрсеткіштері
ҚОА - «Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС
ҚРГ - «ҚазРесГаз» ЖШС
ҚТГ – «ҚазТрансГаз» АҚ
КҚК – Каспий құбыр өткізгіш консорциумы (Теңіз кенорнынан Қара теңіздегі Новороссийск портына дейін мұнайды тасымалдауға арналған магистральды мұнай құбыры)
ҚТМ – «Қазақтүрікмұнай» ЖШС
ҚТО – «ҚазТрансОйл» АҚ
ҚМГ КО – корпоративтік орталық, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталық аппараты
МГ - магистральды газ құбыры
ММГ - «Маңғыстаумұнайгаз» ЖШС
ММ - магистральды мұнай құбыры
ҚР ЭМ - Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі
ПҚӨС – пайдалы қазбаларды өндіру салығы
МӨҰ - мұнай өндіретін ұйымдар
МӨЗ - мұнай өңдеу зауыттары
ҮПС - үстеме пайдаға салық
ӨМГ - «Өзенмұнайгаз» АҚ
ІҚК – іске қосу кешені
ПҚОП – «Петроқазақстан Ойл продактс» АҚ, Шымкент мұнай өңдеу зауытының иесі
ПМХЗ – «Павлодар мұнай өңдеу зауыты» ЖШС
ЖСҚ - жобалау-сметалық құжаттама
СҚБЖ/БКЖ – сағалық қысымды басқаружобасы/Теңіз кенорнын болашақтағы кеңейту жобасы
ҚМГ БӨ - «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
ББҰ - бірлесіп бақыланатын ұйым
СКЖ - Солтүстік Каспий жобасы
ҚМЖ - құрылыс-монтаж жұмыстары
БК - бірлескен кәсіпорын
ӨКЖБҚ - өздігінен көтерілетін жүзетін бұрғылау қондырғысы
ӨБК - өнімді бөлу туралы келісім
ТШО – «Теңізшевройл» ЖШС
КС – көмірсутектер
КСШ – Көмірсутегі шикізаты
Қор - «Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ
ЕМГ - «Ембімұнайгаз» АҚ
ЭКБ –Экспорттық кеден бажы